

БАӘ-НІҢ АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ

Орындаған : Асанова Н.Н
ФК-31



Бүгінгі БАӘ – араб әлеміндегі ең бай мемлекеттердің бірі. Оның экономикасының негізін **мұнай** мен **газ** және осы шикізаттарды өңдеу өндірісі құрайды. Сондай-ақ құрылыс, коммуникация, порттар мен әуежайлардың қызметін сату, туризм, энергетика мен өнеркәсіп, ақпараттық технология мен банк жүйесі – міне, осылар да жақсы жолға қойылған. 2006 жылы ІЖӨ-нің жалпы көлемі **161,3** млрд. АҚШ долларына жетті. 2005 жылмен салыстырғанда өсім **18,8%**, ІЖӨ-нің жан басына шаққандағы көлемі **49,7 мың** АҚШ долларын құрады.

БАӘ-нің сыртқы қарызы 2006 жылы 39,7 млрд. АҚШ доллары болды, бұл ІЖӨ-нің 17,7%-ы. Әлемдік экономикалық форумның 2005-2006 жылдарғы зерттеулеріне қарағанда, бәсекелестікке қабілеттілігі жөнінен БАӘ әлемде 18-ші орын, ал араб әлемінде 1-ші орын алады. Экономикалық дамуына жағдай жасау жөнінен дүние жүзінде 5-ші орында тұр. Бұл істе ол алдына тек Сингапур, Норвегия, Дания және Финляндия секілді елдерді ғана салады. Сыбайлас жемқорлық деген БАӘ-де мүлде жоқ десе де болады. Сондықтан да мұнда бизнес жасауға әркім де ынталы.

Барлық мұсылман әлемі секілді БАӘ-нің де білім беру мен ғылымға үлкен көңіл бөлетіні атап өтерлік жәйт. Мұнда ел тұрғындарына міндетті орта білім беру көзделген. Еуропа мен Американың көптеген жоо-ларының филиалдары ашылған. Білім беру ісіне 2007 жылдың бюджетінен 7,1 млрд. дирхам бөлінген (2 млрд. АҚШ долларына жуық). Бұл – бюджет шығысының 33 пайызы.



1973 жылы жаңа ұлттық валюта – дирхам енгізілді.

1980 жылы елдің ақша-несиелік және банктік саясатты реттеу үшін БАӘ-нің Орталық Банкі құрылды.

Ақша эмиссиясын және ақша айналымын БАӘ-нің Орталық Банкі бақылап отырады. Валюта режимі либералды болып табылады.

